

Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулысын күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136/3 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Шарбақты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған, 2014 жылғы 4 маусымдағы "Шарбақты ауданының ұйымдарында мүгедектер үшін жұмыс орындар үлесін белгілеу туралы" № 192/12 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 16 маусымдағы № 3853 болып тіркелді, 2014 жылғы 19 маусымдағы аудандық № 25 "Маралды" және "Трибуна" газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Ыбыраев